



FARABI
UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№42 (1954) 2 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ



Саясат Нұрбек, РФ ғылым және жоғары білім министрінің орынбасары Константин Могилевский, ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев пен ОмМУ ректоры Сергей Замятин қатысты.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында: «Еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік университеттердің филиалдары экономикамыздың басым салалары үшін ғалымдар мен білікті мамандарды жедел даярлауға тиіс», – деп атап өткен болатын.

Іс-шарада Саясат Нұрбек пен Константин Могилевский сөз сөйледі. «Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, аса құрметті Владимир Владимирович! Федор Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалын құру жұмыстары пысықталды. Филиал ашуға дайын», – деді.

Жалғасы 2-бетте

Швейцария бизнес мектебімен ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Швейцариядағы экономика және менеджмент бизнес мектебінің ректоры Доминик Джорданмен кездесті.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев құрметті қонақтарға ҚазҰУ-дың жетістіктері туралы ақпарат беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті. Сондай-ақ ректор университет базасындағы AI-Farabi business school мен Швейцария экономика және менеджмент бизнес мектебі арасындағы ынтымақтастықты дамыту қажет екенін баса айтты.

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да экономика факультеті мен бизнес жоғары мектебі бар. Алдағы уақытта аталған сала бойынша ортақ қосдипломдық білім беру бағдарламасын жүзеге асыру қажет деп санаймын. Бұған екі тарап

мүдделі. Сонымен қатар Швейцарияның экономика және менеджмент бизнес мектебінде ҚазҰУ филиалын ашуды ұсынамын», – деді ректор.

Өз кезегінде Швейцариядағы экономика және менеджмент бизнес мектебінің ректоры Доминик Джордан айтылған ұсыныстарды қолдайтынын және серіктестікті одан әрі нығайтуға бар күш-жігерін салатынын жеткізді.

Кездесу соңында тараптар аталған жұмыстарды жүйелі түрде жүзеге асыруға уағдаласып, бірлескен жұмыс тобын құруға келісті.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Омбыда ҚазҰУ филиалы ашылды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің базасында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филиалын ресми түрде ашты.

Бұл тарихи оқиға Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында жүзеге асты.

Салтанатты шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Eclipse Invest Group» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Ту Бинмен кездесті.

«Университетте Samsung, Hewlett-Packard, Cisco, Konica Minolta, Fujitsu, Alcatel, Microsoft, Huawei, ZTE компаниялары табысты жұмыс істеуде. Аталған жетекші компаниялармен бірлесіп оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің біліктілігін арттыруға бағытталған

Инновациялық жобаларды коммерцияландыру маңызды

бірқатар іс-шаралар өткізілді. Оқу ордасына Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютерлер әкелініп, орнатылып жатыр. ҚазҰУ ғалымдары әзірлеген көптеген ғылыми жобалар бар. Сондықтан инновациялық жобаларды коммерцияландыруда университет жетекші компаниялармен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі», – деді университет басшысы.

Өз кезегінде Ту Бин жылы қа-

былдағаны үшін оқу орнының ректорына ризашылығын білдіріп, ҚазҰУ-дың жетістіктерін жоғары бағалады.

Кейін «Eclipse Invest Group» ЖШС директорлар кеңесінің мүшелері «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барып, білім ордасының ғылыми инфрақұрылымымен танысты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



2-бет

Ректор тұрақты даму жиынына қатысты



3-бет

Бір-бірімізді интеллектуалдық деңгейде қолдаймыз



4-бет

АЭС салуда қай елдің әлеуеті жоғары?



Омбыда ҚазҰУ филиалы

Соңы. Басы 1-бетте

АШЫЛДЫ

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев пен Ф.Достоевский атындағы ОмМУ ректоры Сергей Замятин бірге ҚазҰУ филиалының атауы жазылған тақтайшаны ашты.

Ресейдегі тұңғыш ашылған қазақстандық жоғары оқу орнының филиалы талпакерлерді 2025 жылдың қыркүйегінде қабылдайды. Қазақстан мен Ресей үкіметі студенттерді оқыту үшін арнайы 200 грант бөлді.

ҚазҰУ филиалы «Халықаралық құқық», «Қазақ филологиясы» және «Кеден ісі» сияқты білім беру бағдарламалары бойынша бакалаврлар мен магистранттарды даярлайды. Болашақта қос-



тында орналасқан. Жалпы аумағы – 1620 шаршы метр. Қазіргі уақытта филиалда оқу-әдістемелік қызметке

арналған 10 кабинет, басшылық пен оқытушы-профессорлар құрамы үшін 5 кабинет, 7 аудитория, сондай-ақ коворкинг-орталықтары бар. Филиалда арнайы Ш.Уәлиханов атындағы кеден ісі, Абай атындағы қазақ тілі және Н.Төреқұлов атындағы халықаралық құқық кабинеттері жасақталды.

Ресей Федерациясында жетекші қазақстандық ЖОО филиалының ашылуы Еуразиялық интеграция шеңберінде екі елдің ғылыми және білім беру әлеуетін дамытуға және одан әрі ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді.

Айта кетейік, ОмМУ –



дипломды білім беру бағдарламасы жүзеге асырылмақ.

Жаңадан ашылған филиалда білім алушы жастарды қос университеттің оқытушылары оқытады. Дәрістер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Болашақта шетелдік ғалымдарды тарту көзделіп отыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жаңа филиалы Фрунзе көшесінің бойындағы ОмМУ бас ғимаратының 6-қаба-



көпфункционалды білім беру, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту кешені. Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университеті 1973 жылы құрылған. Бүгінгі таңда жоғары оқу орнында 1056 оқытушы мен қызметкер жұмыс істейді, 5740 студент оқиды. Университетте тоғыз факультет бар.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Пенсильвания штаты университетінің делегациясы келді. Оның құрамында инженерлік ғылымдар және механика саласындағы маман, профессор Слава В.Роткин және Хака атындағы Биомедициналық инженерия, химия және математика кафедрасының меңгерушісі, профессор Игорь Аронсон болды. Сапар аясында делегация ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаевпен кездесті.

АҚШ-ТЫҢ ҚОС ПРОФЕССОРЫ ДӘРІС ОҚЫДЫ



Қатысушылар екі университет арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын, ғылыми-білім беру саласындағы тәжірибе алмасу мәселелерін, сондай-ақ бірлескен зерттеу мүмкіндіктерін саралады.

Келіссөздер барысында профессор Слава В.Роткин Қазақстан әлеуетінің шексіз екенін және ҚазҰУ-дың зор мүмкіндіктерін атап өтті.

Кездесу халықаралық байланыстарды нығайтудағы және білім беру бағдарламаларын дамытуға жәрдемдесудегі маңызды қадам болды. Пенсильвания универси-

тетінің делегациясы кездесуден кейін физика-техникалық, химия және химиялық технология факультеттері зертханаларының жұмысымен танысты.

Профессор Слава В.Роткин «Екі өлшемді материалдардың жақын далалық микроскопиясы: From fundamental Physics of Polaritons to Device Applications» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріске физика және материалтану саласындағы заманауи жетістіктерге қызығушылық танытқан студенттер мен оқытушылар жиналды.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



РЕКТОР ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖИЫНЫНА ҚАТЫСТЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Тұрақты даму моделіне көшу мақсатында әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқару» тақырыбындағы конференцияға қатысты.

Іс-шара ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымының докторы, 2008-2015 жылдары Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін басқарған Жексенбек Әділовтің 75 жылдығына арналды.

Конференция барысында қатысушылар Жексенбек Мәкейұлының азаматтық және кәсіби қасиетін, сондай-ақ ел дамуына қосқан үлесін атап өтті.

Шарада ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хаты оқылды.

«Жексенбек Мәкейұлы – бар ғұмырын отандық білім мен ғы-

лымды дамытуға арнап келе жатқан бірегей тұлға. Еңбегінің және қажыр-қайратының арқасында қайраткер ғалым өзінің кәсіби маман екенін көрсетті. Бүгінге дейін көптеген шәкірт тәрбиеледі. Қазіргі таңда шәкірттері түрлі қызметтерде еңбек етіп жүр. Жексенбек Мәкейұлының азаматтық тұлғасы, ғылымдағы еңбек жолы кейінгі жас буынға үлгі-өнеге», – деді ректор.

Жексенбек Мәкейұлы – Қазақстанда тұрақты даму моделіне көшу үшін қажет күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйелерді басқарудың теориялық негіздерін әзірлеу бағытындағы зерттеудің негізін қалаушылардың бірі. Алынған нәтижелерді экономиканың нақты секторына және білім беру саласына іс жүзінде енгізуге бастамашы болды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Бір-бірімізді интеллектуалдық деңгейде қолдаймыз

Қазақстан Республикасы Көркемөнер академиясының президенті атынан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойымен оқу ордасының басшылығын, қызметкерлер мен оқытушы-профессорлық құрамын, білім алып жатқан барша жастарды шын жүректен құттықтаймын!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – еліміздің маңдайалды оқу орны. Алматының өте көрікті, табиғаты әсем жерде орналасқан. Таза ауа, жайқалған жасыл желек. Студенттердің білім алуына барлық жағдай жасалған. Менің ойымша, қара шаңырақ оқу ордасының материалдық-техникалық базасы өте мықты.

Соңғы жылдары ҚазҰУ мен ҚР Көркемөнер академиясының арасында тығыз қарым-қатынас орнады. Біз бұған аса қуаныштымыз. Фараби кітапханасында менің жеке көрмем өтті. Одан кейін заманымыздың ақиық ақыны Олжас Сүлейменовтің мерейтойына арналған Ақанаевтар отбасының көрмесі қойылды. Бұл көрме «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығында ұзақ уақыт тұрды. Сосын біздің академияның алғашқы президенті Лаура Оразбекованы еске алу көрмесі ұйымдастырылды. Біздің тамаша досымыз, талантты



суретші, тарихи артефактілермен жұмыс істеуге ерен еңбек сіңірген Қырым Алтынбековтің көрмесі өтті. Біздің академияның мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал қылқалам шебері Жанұзақ Мүсәпірдің дәріс оқығанын білемін. Айта берсек, өте көп жұмыс атқарылды.

Біз ҚазҰУ ұжымымен интеллектуалдық деңгейдегі іс-шараларда бір-бірімізді қолдап, тығыз байланыс жасап келеміз. Әрдайым мәдени алмасуларға, ортақ жобаларды жасауға, көрме өткізуге қолдан келген көмегімізді береміз. Сондықтан ҚазҰУ ұжымына зор шығармашылық табыс, мықты денсаулық тілейміз.

Амандос АҚАНАЕВ,
суретші, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Көркемөнер академиясының президенті

Озық инновация ордасы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұжымы және өз атымнан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын оқу орнының 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Тоқсан жылдан астам уақыт қазақ ғылымының көшбасшысына айналған Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалыптасу тарихы жетістіктер мен мақтаныштарға толы. Отандық ғылымның көшін алға сүйреген бұл шаңырақ Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орны қалыптасқан іргелі оқу ордасы. Өйткені осыдан 90 жыл бұрын бой көтерген ұлттық университет еліміздің экономикасын, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық өмірін дамытуға ықпал ететін мыңдаған білікті кадрлар шоғырын дайындады.

Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне еліміздегі іргелі білім ордасы әзірлеген білікті кадрлардың қосқан үлесі зор екені баршамызға мәлім. Бүгінде ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында да бұл шаңырақ озық инновацияны еркін меңгерген білімді жастар легін көбейту жолында аянбай еңбек етуде. Студенттер мен ғалымдар үшін жаңа көкжиектерге жол ашатын ғылыми зерттеулер мен инновациялық бағдарламаларды дамытуда қара шаңырақ ҚазҰУ ұжымы үздіктер қатарынан көрініп келеді.



Гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы ғылымның биік белеске өрлеуі мен жас зерттеушілердің өзекті мәселелермен түбегейлі шұғылдануына жан-жақты қолдау көрсететін университеттің жүйелі жұмысы отандық білімді әлемдік аренада мақтанышпен танытатын нағыз білікті кадрлардың қайнар көзіне айналды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Қансейітұлының басшылығымен және ұжымының адал еңбегінің арқасында университет әлемнің озық елдері арасында ойып тұрып орын алып, білім мен ғылымның тірегі болып келеді.

Оқу ордасын атаулы мерейтойымен құттықтап, университеттің одан әрі өркендеуіне, жаңа ғылыми жаңалықтар мен игі бастамаларыңыздың сәтті жүзеге асуына тілек білдіремін.

Болат ТІЛЕП,
«Абай атындағы ҚазҰПУ»
КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Біріккен Араб Әмірліктері Шарджа қаласынан Әл-Қасимия университетінің ректоры Ауад әл-Халаф бастаған делегация арнайы жұмыс сапарымен келді.

Бұл ҚазҰУ-дың шығыстану факультеті араб бөлімі үшін ерекше айтулы оқиға болды. Себебі араб тілін қырық жылдан астам оқытып келе жатқан кафедра тарихында жиырма екі араб мемлекетінің арасынан университет ректоры тұңғыш рет арнайы сапармен келіп, араб бөлімінің оқытушы-профессорлық құрамы және студенттерімен факультетте жеке кездесті.

Кездесу барысында Әл-Қасимия университетінің ректоры Ауад әл-Халаф мырза өзі басқарып отырған университет жайлы жан-жақты баяндады. Шарджа әмірлігі Біріккен Араб Әмірліктерінің құрамындағы жеті әмірліктің бірі және көлемі мен халқының саны жағынан алғанда елдегі үшінші үлкен әмірлік болса, Әл-Қасимия университеті – ғылым мен терең білімді және түрлі мәдениеттер мен халықтар арасындағы сұхбат құндылықтарын насихаттайтын, өзінің іс-тәжірибесін ең алдымен ислам толеранттылығына негіздейтін осы елдің академиялық шам-

Бүгінде Қазақстан мен Моңғолия мемлекеттері арасында ғылым, білім және мәдени-рухани салада тұрақты байланыс қалыптасқан. Сапалы білім беру, ғылыми жаңалықтар ашу, төл мәдениетті дамыту – қазіргі заманауи қоғамды одан әрі жақсарту мен жетілдірудің негізі.

Алғаш рет екі мемлекет арасындағы ресми қарым-қатынас 1992 жылы қазтарда орнатылды. Осы отыз жылдан астам уақыт ішінде сан алуан саяси, сауда-экономикалық және әлеуметтік-мәдени келісімдерге қол жеткізіліп, іске асырылды. Жалпы, қай елдің болсын жастары өз мақсатын жүзеге асыру үшін кәсіп ашуға, жарқын болашағын құруға көмектесетін жақсы білім алуға ұмтылады. Шет тілдерін үйрену қазіргі жастарға түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алуға, өркениетті елдерде оқуға көмек береді.

Сол секілді Қазақстан мен Моңғолия қарым-қатынасында қол жеткен білім беру саласындағы келісімдер моңғол студенттеріне қазақ және орыс тілдерін үйренуге, жалпы, білім алу үшін Қазақстанға оқуға келуге мүмкіндік береді.

Моңғолияда этникалық қазақтардың көп екенін білеміз. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде Қазақстан мен Моңғолияның тарихи ортақтастығы бар екенін және халықаралық аренада бір-бірін белсенді қолдайтынын бірнеше рет атап өтті.

Әл-Фараби атындағы



Тың ізденіске тура жол

шырағы. Құрылғанына небәрі он бір жыл ғана уақыт өтсе де, өз миссиясын заманауи технологияларға сай ұйымдастыра отырып, тек Араб шығысы ғана емес, әлемдік білім беру кеңістігінде танылып отыр. Университет 2013 жылы Шарджа билеушісі, Жоғарғы кеңес мүшесі, жоғары мәртебелі шейх, доктор Сұлтан бен Мухаммад Әл-Қасимидің жарлығымен құрылған. Университет Шарджа қаласының ең көрікті жерінде және жалпы ауданы шамамен 978 456,80 шаршы метр, жоғары стандарттарға сәйкес салынған экологиялық кампуста орналасқан.

Бұдан соң Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамы өздерінің осы уақытқа дейін жүзеге асырған және қазіргі жұмыстарымен таныстырды.

Студенттер араб тілі мен мәдениеті бойынша алып жатқан білім деңгейін көрсететін бағдарлама ұсынды. Сондай-ақ ректор Ауад әл-Халаф мырза екі университет, соның ішінде араб бөлімімен арада болашақта жүзеге асырылуға тиіс екіжақты байланыстың бағыттарын түсіндіріп, оқытушылар мен студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Шығанақ елдері ғана емес, бүкіл әлем бойынша ерекше қарқынмен дамып отырған Араб Әмірліктерімен арадағы байланыс араб бөлімінің оқу процесін жаңа әдістемемен нығайтып, ғылыми зерттеулерін тереңдетуге үлкен серпін беретіні анық.

Шынар ҚАЛИЕВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының доценті

Екі ел ынтымақтастығына үлесіміз бар



ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті шетелдіктерді одан әрі оқуға дайындайтын негізгі факультет. Моңғолиядан келген студенттер жыл сайын осы факультетке оқуға түседі, оқуын жалғастыру үшін және Қазақстанда жоғары білім алу үшін қазақ және орыс тілдерін оқиды. Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының оқытушылары оларға қазақ және орыс тілдерін меңгеруге баулып, қазақ халқының салт-дәстүрін, ата тарихын үйретуде.

Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға, түрлі конференцияларға қатысуға, мақалалар жариялауға мүмкіндігі бар.

Білім алушылар Қазақстан тарихымен, мәдени құндылығымен, ұлттық ерекшелігімен танысады. Мәдениетаралық коммуникация екі елдің өзара түсіністігін, өзара сыйластығын қалыптастыруға, бүкіл әлемде бейбітшілікке ұмтылуға ықпал етеді.



Моңғолиядан келген студенттер қазақстандық студенттерді Моңғолия елінің тарихы, оның ғылыми және мәдени жетістіктерімен таныстырады, факультетте өтетін түрлі іс-шараларға, концерттерге қатысады.

Моңғолиялық тыңдаушылар сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта, оқу жылының барысында жаңа ортаға бейімделуге көмек берген оқытушыларына, білімін тереңдетуге ықпал еткен ұстаздарына шексіз алғыс айтып, елдегі жетістікке ой-пікірін білдіріп отырады. Алдағы уақытта да екі елдің арасындағы тығыз ынтымақтастық тереңдей түсетініне сенім мол. Екі мемлекет арасындағы достық байланысқа аз да болса қосып жатқан үлесіміз барын біз де мақтан етеміз.

Айгүл САДЕНОВА,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының профессоры

АЭС салуда қай елдің әлеуеті жоғары?



Референдумнан кейін Қазақстан атом электр станциясын салатын болды. Ендігі мәселе – станцияны салатын елді немесе ол елдің реакторын таңдау. Мемлекет басшысы: «Станцияны бір ел салмайды, консорциум құрамыз, сол консорциум салады», – деген пікірін білдірді. Меніңше, реактордың өзін бір ел салатын шығар. Станция салуға ниет білдірген төрт елде қандай реакторлар бар, енді соларға тоқталайық.

Франция. Бұл ел дүниежүзі бойынша Америка Құрама Штаттарынан кейін ең көп атом энергиясын өндіреді. Ал атом энергиясының үлесі жалпы энергетикасында ең көп ел (70 пайыздан жоғары), 17 АЭС 56 реактордан тұрады. 60 Гвт энергия өндіреді.

Реакторларды құру және қызмет көрсетумен 2001 жылы ұйымдастырылған AREVA айналысады. Компанияның бас акционері – Француз мемлекеттік атом энергетикасы комиссарияты. Бұл атом энергиясын өндіретін барлық қызмет түрлеріне жауапты жалғыз компания. Француз реакторларының негізгі түріне айналған Су-су реакторлары (PWR-pressurized water reactor). Францияның барлық белсенді реакторлары екінші буынға жатады. Айта кетейік, шартты түрде барлық реакторларды төрт буынға бөледі: I буын – алғашқы салынған реакторлар, қазіргі кезде толығынан тоқтатылған. II буын реакторлары негізінен барлығы да жұмыс істеп тұр. Оған 2000 жылдарға дейін салынған реакторлар жатады. Бүгінде салынып жатқан

реакторлар III буынға жатады, II буынға қарағанда қауіпсіздігі жоғарылау және технологиясында өзгеріс бар. Үшінші буынның III+ түрі бар, қауіпсіздікке көп көңіл бөлінген, әрине, сондықтан қымбаттау. Франция PWR (111) не EPR (111+) реакторын ұсынатын шығар. Франция біраз елге реактор салып берген, осы күні де салып жатыр. Франция өзіне керекті уранның 24 пайызын Қазақстаннан алады.

Оңтүстік Корея. Мұнда төрт атом электр станциясы жұмыс істейді. Әр станцияда төрт немесе одан да көп энергия блогы бар, ал үш станция энергия блоктарының санын көбейтуді жоспарлап отыр. Атом энергетикасы – Оңтүстік Кореядағы энергияның негізгі көзі. Биыл (2024 жылы) 26 реакторы болды. Атом электр станциясының жалпы электр қуаты 23,1 ГВт құрайды. Әр атом электр станциясында бірнеше энергия блоктарын орналастыру техникалық қызмет көрсетуді тиімдірек етуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Оңтүстік Корея APR-1400 (Advanced Power Reactor 1400 MW

electricity) реакторын ұсынуы мүмкін – Korea Electric Power Corporation (KEPCO) әзірлеген жаңартылған Су-су ядролық реакторы. Бұл реактор реакторлардың III буынына жатады. Оңтүстік Корея бірнеше елге осы реакторды салған және сала бермек. Бұл экономика жағынан тиімді деп саналады.

Қытай. Бұл елдің атом энергетикасы (Тайваньды қоспағанда) жалпы қуаты 50,8 ГВт болатын 18 атом электр станциясында орналасқан 56 белсенді өнеркәсіптік ядролық реакторға ие. Сондай-ақ 14 блок салынуда және шамамен 30 жоспарланған. Жалпы, электр энергиясын өндірудегі атом энергетикасының үлесі 4,94 пайызды құрады. Реактордың ең көп қолданылатын түрі – CPR-1000. 2021 жылы III+ буын реакторы іске қосылды.

Ресей. Биылғы қаңтарда жұмыс істеп тұрған 11 атом электр станциясында жалпы белгіленген қуаты ~30 ГВт 37 энергия блогы болды.

Ресей 2030 жылға дейін жалпы белгіленген қуаты 21,4 ГВт болатын 10 атом электр станциясын салуды жоспарлап отыр. Ресейдің Үндістан, Бангладеш, Армения, Қытай, Иран, Түркия, Болгария, Белоруссия, Египет, Венгрия, Финляндия және Орталық Еуропаның бірқатар елдерімен АЭС салу туралы келісімі бар. Ресей бұл жағынан алдыңғы орында. Бізге Ресей ВВЭР-1200 реакторын ұсынуы мүмкін. Жоғарыда аталған мемлекеттерде осы реакторлар салынған. Қалай десек те, Ресей консорциум құрамындағы негізгі ойыншы болатыны айқын.

Тұрғара ТҮСЕЕВ,
физика-математика ғылымдарының докторы,
Жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының доценті

Пост-докторлық зерттеуін сәтті аяқтады

лер институты (IFEAC) қолдауымен жүзеге асты. Бағдарлама Орталық Азияның жас ғалымдарының халықаралық деңгейде білім алып, зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік беріп келеді.

Пост-докторлық зерттеу 2024 жылдың қыркүйек-қазан айларында «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасындағы адам құқығын қорғау механизмдері: проблемалары, қазіргі жағдайы және жетілдіру жолдары» тақырыбында жүргізілді. Ғылыми жетекшісі – Гавр университетінің профессоры, LexFEIM директоры Пьер Шабаль. Айдана Айтуқызы зерттеу барысында адам құқығын қорғау саласындағы өзекті мә-

селелерді қарастырып, халықаралық құқық және ұлттық заңнама аясында зерттеу жасады. Адам құқығын қорғаудың халықаралық стандарттарын, олардың қолданылу ерекшеліктерін, заңнамалық базасын және практикалық мәселелерін түсіну мен дамыту негізгі мақсат ретінде белгіленді. Ғылыми зерттеу Францияның Париж, Гавр, Руан қалаларында орындалды.

«Бәсекеге қабілетті, дамыған елдің оқу орнында тағылымдамадан өту маған халықаралық құқық пен түрлі заң жүйелерімен танысуға үлкен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті механика-математика факультеті Механика кафедрасының түлектері Шолпан Баймағамбетова мен Нұржауған Өмірәлиева «Абай-Верн» шәкіртақысын ұтып алды.

«Абай-Верн» стипендиясын жеңіп алды



Ш. Баймағамбетова мен Н. Өмірәлиева – Механика кафедрасында жүзеге асырылатын «7M05405-Механика және энергетика» қосдипломды білім беру бағдарламасының 2023 жылғы түлектері, жаратылыстану ғылымының магистрлері.

Олар Франция университеттерінде ғылыми жұмыстарын жалғастыру мақсатында докторанттарға арналған «Абай-Верн» стипендиялық бағдарламасының байқауына қатысып, стипендияны жеңіп алды. Шешім қазақ-француз бірлескен комиссиясының отырысында қабылданды.

«Абай-Верн» стипендиялық бағдарламасы – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Франция Республикасының Еуропа және сыртқы істер министрлігінің бірлескен бағдарламасы.

«Абай-Верн» бағдарламасының стипендиаттары үш жыл бойы (жылына 6 айға) 1500 евро (ҚР Ұлттық банкінің бағамы бойынша) көлемінде ай сайын берілетін тұрмыстық стипендиясын, сонымен қатар BCS Француз үкіметінің әлеуметтік стипендиясын алады.

Франция үкіметінің BCS әлеуметтік стипендиясы келесі артықшылықтарды қамтамасыз етеді:

- мемлекеттік жоғары оқу орындарына тіркеу жарнасын төлеуден босатылады;

- Шенген аймағына тегін ұзақ мерзімді студенттік виза беріледі;

- CROUS студенттік тұрғын үйіне қол жеткізу;

- студенттер асханаларында жеңілдетілген мөлшерлеме бойынша тамақтану;

- тегін қосымша медициналық сақтандыру;

- Campus France агенттігінің ақпараттық қолдауы.

2024 жылы қазақ-француз бірлескен комиссиясы отырысының қорытындысы бойынша 51 кандидат мақұлданған (46 магистрант, 5 докторант). Оның ішінде екі докторант Механика кафедрасының «7M05405-Механика және энергетика» қосдипломды білім беру бағдарламасының түлектері, магистрлер Шолпан Баймағамбетова мен Нұржауған Өмірәлиева екенін қуана хабарлаймыз. Бұл біздің кафедрамыз үшін де, университетіміз үшін үлкен жетістік деп білеміз.

«Абай-Верн» стипендиясы докторанттардың халықаралық деңгейде білім алып, ғылыми жетістіктерге жетуіне, яғни тұрақты даму саласындағы мақсаттардың (ТДМ) бірі – сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Динара ТУРАЛИНА,
Механика кафедрасының меңгерушісі

тигізді. Францияның жетекші ғалымдарымен бірге жұмыс істеу мен үшін үлкен құрмет және баға жетпес тәжірибе болды, – дейді жас ғалым.

Шетелдік іссапар аяғында Айдана Айтуқызы Орталық Азиядағы Француз зерттеулер институтына (IFEAC) 8000 сөзден тұратын ғылыми мақала, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар үйі» қорына (FMSH) іссапар туралы есеп өткізді. Пост-докторлық зерттеудің сәтті аяқталғаны жайлы ағылшын және француз тілдерінде сертификат табыс етілді. Айдана Айтуқызы өзінің жинақтаған тәжірибесін ел игілігіне қолдануды жоспарлап отыр. Оның ғылыми жұмысы отандық ғылымды дамытуға және халықаралық деңгейдегі зерттеулерге үлес қосуға бағытталған.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы Айдана Отыншиева
Тұрақты даму мақсаттарының сапалы білім беру, бейбітшілік, әділдік және тиімді институттар, тұрақты даму үшін серіктестік сынды бағыты аясында ғылыми тәжірибеден өтіп, Францияның беделді университеттерінің бірі – Гавр университетінде LexFEIM негізгі құқығы, халықаралық сауда және теңізді зерттеу зертханасы базасында пост-докторлық зерттеуін сәтті аяқтады.

Бұл зерттеу Франциядағы «Гуманитарлық ғылымдар үйі» қоры (FMSH) мен Орталық Азиядағы Француз зерттеу-



мүмкіндік берді. Сонымен қатар бұл тәжірибе өз саламада қолданбалы білім алып, кәсіби тұрғыдан дамуыма септігін

Экономикалық ғылымдар саласында терең із қалдырған, Қазақстанның экономикасын дамытуға зор үлес қосқан, экономика ғылымының докторы, профессор Болат Мұхамедиев 75 жылдық мерейтойын атап өтуде. Өзінің сан қырлы ғылыми зерттеулері мен педагогикалық қызметімен ол экономиканы зерттеу әдістемелерін жетілдіріп, эконометрикалық модельдеу, инвестициялар, монетарлық экономика және кедейлікпен күрес салаларына баға жетпес үлес қосты.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы аясында «Мұнай кірістерін жинақтау мен ағымдағы қажеттіліктер үшін пайдаланудың Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері» тақырыбында ғылыми жоба орындалуда.

Болат Мінтайұлы жас ма-

Ғылымға сіңген еңбегі зор

Болат Мінтайұлының ғылыми қызметі экономика ғылымының алуан түрлі салаларын қамтиды. Ол белгісіздік жағдайында экономикалық шешім қабылдау, макроэкономикалық көрсеткіштердің өзара байланысын модельдеу, жаһандану жағдайындағы ұлттық экономиканың тұрақтылығы мен тиімді дамуының модельдерін жасау бойынша іргелі зерттеулер жүргізді. Ерекше атап өтуге тұрарлық жетістіктерінің бірі – эконометрикалық әдістерді қолдана отырып, Қазақстандағы кедейлік деңгейін талдау. Оның зерттеулері елдегі аймақтық теңсіздіктерді, мұнайдан түскен кірістердің әлеуметтік тұрғыдан әділ бөлінбеу мәселелерін анықтады. Бұл зерттеулердің нәтижелері Дүниежүзілік банктің баяндамаларында жарияланып, халықаралық деңгейде мойындалды.

1966 жылы Бүкілодақтық олимпиаданың үш кезеңінің қорытындысы бойынша Б.Мұхамедиев Новосібір мемлекеттік университеті жанындағы физика-математика мектеп-интернатының 10-сыныбына қабылданды. Мектепті аяқтаған соң, бірнеше түлек жоғары оқу орнына емтихансыз қабылдану мүмкіндігіне қарамастан, Мәскеуге барып, Мәскеу физика-техникалық институтына (МФТИ) түсуге шешім қабылдады.

1967 жылы Болат Мінтайұлы Мәскеу физика-техникалық институтына оқуға түсті. Басқару және қолданбалы математика факультетінде оқып жүріп, төртінші курстан бастап, алтыншы курсқа дейін уақыт бөліп, КСРО Ғылым академиясының Есептеу орталығында жұмыс істеді. Оның ғылыми жетекшілері танымал ғалымдар – академик Н.Н.Моисеев пен профессор Ю.П.Иванилов болды.

1973 жылы МФТИ-ді аяқтаған соң, Б.Мұхамедиев КСРО Мемқұрылысы жанындағы Орталық ғылыми-зерттеу және жобалау-эксперименттік институтына жіберілді. Кейін ол Қазақстанға көшіп, Қазақ мемлекеттік университетінде кіші ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеді. 1974 жылы МФТИ аспирантурасына түсіп, басқару үдерістерін иерархиялық экономикалық жүйелерде модельдеу үшін ойын теориясы әдістерін зерттеді. 1977 жылы МФТИ-де «Математикалық кибернетика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Сол жылы Б.Мұхамедиев ҚазМУ-дың Қолданбалы талдау кафедрасына оқытушылық қызметке қабылданды. 1995 жылы Макро-микроэкономика және математикалық әдістер кафедрасын басқарды. 2008-09 жылдары Әл-Фараби атын-



дағы Қазақ ұлттық университетінің экономика және бизнес факультетінің деканы болып тағайындалды. Кейін Макро-микроэкономика кафедрасының меңгерушісі қызметіне оралды.

1999 жылы «Экономикалық-математикалық әдістер» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғаған ол көп-экстремалды оңтайландыру мен коалициясыз ойындардағы тепе-теңдік жағдайларын табу әдістерін әзірледі. Оның бұл әдістері қазіргі таңда да экономикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады.

Болат Мінтайұлы көптеген халықаралық жобаларға жетекшілік етіп, Қазақстан экономикасын жаһандық ғылыми қауымдастыққа танытты. TEMPUS-IV бағдарламасы, NES-HESP және GDN аясында жүзеге асырылған зерттеулерінде ол инновациялық экономиканы дамыту, ақша-несие саясатының тиімділігін арттыру және инвестициялардың кедейлік деңгейіне ықпалын бағалау тақырыптарын зерттеді. Жапония, Қытай, Ресей және басқа да елдердің ғалымдарымен бірлесіп жұмыс істей отырып, «Жаңа Жібек жолындағы экономикалық даму» сияқты ірі жобаларға қатысты. Осы зерттеулер арқылы Қазақстан экономикасының әлемдік нарықтағы орны мен әлеуетін ғылыми тұрғыдан айқындауға үлес қосты.

2022 жылы Б.Мұхамедиевтің жетекшілігімен «Орталық банктердің тәуелсіздігі және инфляция бойынша мақсаттарға қол жеткізу» атты жоба ҚР Ұлттық банкінің гранты бойынша орындалды. Сонымен қатар 2023-24 жылдары Ұлттық банк гранттық қаржыландыруы аясында «Кризистен кейінгі кезеңдегі тұтынушылық сұраныс (халықаралық және қазақстандық тәжірибе)» ғылыми жобасы жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта Б.Мұхамедиевтің басшылығымен ҚР

мандарды даярлауға ерекше көңіл бөлді. Оның жетекшілігімен екі докторлық, 11 кандидаттық және 9 PhD диссертациялары қорғалды. Оның дәрістері экономика, макро-микроэкономика, эконометрикалық модельдер және монетарлық саясат салаларын қамтыды. Бүгінде ол жас ғалымдар үшін нағыз үлгі тұтар тұлға.

Көрнекті ғалымның 200-ден астам ғылыми мақаласы мен кітаптары жарыққа шықты. Олардың ішінде Scopus және Web of Science базаларының Q1-Q2 кватилдерінде индекстелген шетелдік журналдардағы мақалалары бар.

Профессор көптеген марапаттарға ие болды. 2023 жылы Б.Мұхамедиевке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді, 2015 жылы «Құрмет» орденімен, 2005 жылы ҚР БҒМ «Қазақстан ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін», 2014 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, 2009 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» үлкен алтын медалмен марапатталды. Ол бірнеше рет ҚР БҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» гранты мен ғылым және техниканың дамуына ерекше үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері атанған. Ғылым мен білімге сіңірген еңбегі арқылы ғалым тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық деңгейде де жоғары бағаға ие болды.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің ұжымы мен шәкірттері профессор Болат Мінтайұлы 75 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтайды! Сіздің білім мен ғылымға сіңірген еңбегіңіз мәңгілік құндылық ретінде кейінгі ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Экономика және бизнес жоғары мектебі Экономика кафедрасының ұжымы мен шәкірттері

Жастар ортасындағы жарты ғасыр

ҚазҰУ-да есімі дүйім жұртқа мәлім ғалым-ұстаздар аз емес. Солардың ішінде Қазақстанда химик-аналитиктер ғылыми мектебінің негізін қалаушылардың бірі, химия ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор, химиядан ҚР олимпиадаларын ұйымдастырушы Гүлжан Бадавамова-ның орны ерекше.



Өмірде есімін қашанда ризашылықпен айтып жүретін сондай тау тұлғалы ұстазымыз Гүлжан Лұқпанқызы 1977 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-дың химия факультетін үздік бітіріп, осы факультеттің Аналитикалық химия кафедрасына жолдама алған. Осы кафедрада алдымен инженер, содан кейін кіші ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер және аға оқытушы ретінде қызмет етті. 1986 жылы Гүлжан Бадавамова «Кейбір сирек жер металдары амальгамаларының электрохимиялық қасиеттері» тақырыбында диссертация қорғаған. 1993 жылы доцент ғылыми атағына ие болып, осы уақытқа дейін Аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасында доцент ретінде жұмыс істеп келеді. Міне, 50 жылдан бері ол университетіміздің химия және химиялық технология факультетінде жемісті еңбек етіп келе жатыр және ең бастысы – оның студенттерге деген махаббаты мен адалдығы жоғалмады.

Кафедрада жұмыс істеу барысында Гүлжан Лұқпанқызы өзін жоғары білікті маман, тыңғылықты жұмыскер ретінде көрсете білді. Ол жоғары ғылыми-әдістемелік дәрежеде жалпы және арнайы пәндерден дәрісті қазақ және орыс тілдерінде оқиды. Зертханалық жұмыстар жүргізіп, студенттердің бітіру жұмыстары мен магистрлердің диссертацияларына ғылыми жетекшілік жасайды. Оның авторлық қатысуы арқылы жеті әдістемелік құрал, бес оқу құралы: «Аналитикалық химияның негіздері», «Аналитикалық химиядан тест тапсырмалары», «Тестовые задания по аналитической химии», «Түсті металдар технологиясы және оның өнімдеріне аналитикалық бақылау жүргізу», сонымен бірге «Аналитикалық химия» оқулығын (28 б.т., ҚР Білім және ғылым министрлігі грифимен) жазған. Г.Бадавамова жыл сайын «Аналитикалық химия» пәні бойынша магистратураға тест тапсырмаларын даярлайды.

Ғалым-ұстаз кафедрада кейбір түсті және сирек жер металдарының төменгі мөлшерін жаңа көміртекті электродтарда концентрлеу және анықтау жөнінде ғылыми-зерттеу

жұмысын жүргізуде. Зерттеу нәтижелері 100-ден астам басылып шыққан жұмыстарда жарияланған. Бірнеше рет түрлі халықаралық, республикалық конференциялар мен мәжілістерде баяндалған.

Г.Бадавамова 2002 жылы Алматыда, 2012 жылы Астанада ТМД мемлекеттерінің оқушылар арасындағы химия пәнінен өткізілген халықаралық Менделеев атындағы олимпиадаларын дайындауға және оның ойдағыдай өтуіне ұйымдастыру комитеті мен әділқазылар мүшесі ретінде үлкен үлес қосты. Ол соңғы бірнеше жыл бойы Қазақстан оқушыларының құрама командасын химия пәнінен халықаралық олимпиадаларға дайындауға қатысып жүр. Ол Қазақстан оқушыларының ғылыми жетекшісі ретінде Ташкент (2008 ж.), Ашхабат (2009 ж.), Баку (2010 ж.) және Мәскеуде (2011 ж.) өткен халықаралық Менделеев олимпиадаларына қатысты. Бұл жарыстарда Қазақстан командасының оқушыларын табысты нәтижелер көрсетуге дайындағаны үшін оған олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің төрағасы, академик В.В.Луниннің атынан алғыс жарияланған. Қазір Гүлжан Лұқпанқызы кафедраның оқу-әдістемелік бюросының мүшесі, химия пәнінен оқушылардың облыстық олимпиадасының әділқазылар мүшесі.

Гүлжан Бадавамова факультеттің «Химия» мамандығы бойынша бакалавриат, магистратура, докторантураның негізгі оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, пәндердің үш тілдегі каталогтарын құрастырушылар тобында және университеттің «Химия-5В060600», «Химия-6М060600» мамандықтарын халықаралық аккредитациялауға даярлау комиссиясында болды.

Химия және химиялық технология факультетінің ұжымы Гүлжан Лұқпанқызын 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, педагогикалық және ғылыми еңбектеріне үлкен табыс тілейміз.

**Дүйсек ҚАМЫСБАЕВ,
Ләйла КУДРЕЕВА,
ҚазҰУ профессорлары**

Президент России Владимир Путин прибыл с государственным визитом в Казахстан. В программе визита были запланированы переговоры на высшем уровне, а также участие в XX форуме межрегионального сотрудничества Казахстана и России.

Во время встречи 27 ноября 2024 года главы государств подтвердили курс на укрепление и дальнейшее развитие партнерства, отметив успешное взаимодействие России и Казахстана во всех сферах, включая совместную космическую деятельность.

Сотрудничество в области освоения космического пространства служит интересам России и Казахстана, а также способствует повышению международного престижа наших государств. Космическая отрасль напрямую зависит от развития промышленных технологий. К этой же отрасли относятся фундаментальные и прикладные научные исследования. Вследствие этого космическая деятельность стала неотъемлемой частью глобальной экономики, характеризующаяся значительным эффектом воздействия на экономику стран, участвующих в освоении космоса. Поэтому развитие и совершенствование деятельности в этой области имеет стратегическое значение для космических держав.

Политика и политические режимы оказывают исключительно важное влияние на процесс интеграции научного потенциала и международного сотрудничества. Главы государств России и Казахстана пришли к единому мнению: несмотря на сложную геополитическую обстановку, дружеские отношения между двумя странами продолжают дина-

Сотрудничество в области освоения космоса



мично развиваться. В этих государствах созданы правовые и организационные основы для взаимовыгодного сотрудничества в области космических исследований. В целом договорно-правовую базу сотрудничества Казахстана с Россией в области космической деятельности, включая использование комплекса «Байконур», составляют более 50 международных договоров.

Для Казахстана участие в исследованиях космического пространства имеет важное значение. Республика сейчас находится на новом этапе своего развития, определила векторы нового курса по совершенствованию космической деятельности. Казахстан, опираясь на свой космический потенциал и развивая его, обеспечивает новый уровень решения задач международной интеграции в этой сфере, укрепляет свои позиции в мировом сообществе.

В совместном заявлении Президента России и Президента Казахстана подтверждается дальнейший курс на сотрудничество в области реализации совместных космических программ, совершен-

ствование научных разработок в области новых технологий. Оценивая весь спектр космических договоров Казахстана с Россией, необходимо отметить, что оно развивается по многим направлениям. Однако, среди всех этих направлений, выделяются несколько крупных проектов, вокруг которых строится сотрудничество РФ и РК. Такими крупными, узловыми проектами являются: использование космодрома «Байконур»; создание космического ракетного комплекса «Байтерек». Президенты двух стран подтверждают общую позицию об уникальной значимости космодрома «Байконур». Следует признать, что «Байконур» является важной движущей силой, которая обеспечила тесное сотрудничество между Казахстаном и Россией в космической области.

Президент России Владимир Путин на пресс-конференции по итогам переговоров с Президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым заявил, что первый запуск с нового комплекса «Байтерек» на Байконуре ожидается в 2025 году. Проект предполагает создание ракетно-космического комплекса для запусков ракеты-носителя «Союз-5», что подтверждает развитие и реализацию государствами новых проектов в области освоения космического пространства.

Дана БАЙТУКАЕВА,
PhD, зам. зав. кафедры
международного права
факультета международных
отношений

Правовые принципы противодействия коррупции



верховенство закона. Также рассказали о значимых законодательных поправках, направленных на дальнейшее совершенствование отечественного антикоррупционного законодательства. Присутствующие студенты активно участвовали в обсуждении и задавали интересующие их вопросы.

К данному мероприятию Библиотека имени Аль-Фараби организовала тематическую книжную выставку, на которой студенты и гости мероприятия ознакомились с научными трудами, в которых раскрывается вся система органов государства, призванная осуществлять правоохранительную деятельность, обеспечивать

выполнение обязанностей по охране прав и свобод человека.

На выставке были размещены труды Президента Республики Казахстан Токаева К.К., а также научные труды ученых факультета Самалдыкова М.К. и Шакирова К.Н. В выставленных книгах даны основополагающие сведения о судебной системе РК, принципах ее организации и функционирования, а также о других правоохранительных органах – органах юстиции, прокуратуры. Также были представлены международно-правовые стандарты правоохранительной деятельности.

Асель КОЖАХМЕТОВА,
библиотекарь-менеджер
Библиотеки им. Аль-Фараби

В целях достижения ЦУР 4 (Качественное образование), ЦУР 8 (Достойная работа и экономический рост) на кафедре метеорологии и гидрологии факультета географии и природопользования состоялась лидерская лекция руководителя Управления по метеорологическому обеспечению и информации РГП «Казэронавигация» Костиковой В.А. тему: Деятельность РГП «Казэронавигация» и возможности прохождения производственной практики и трудоустройства студентов-метеорологов.

Современные возможности в профессии метеоролога




Василина Костицова рассказала подробнее о работе авиационного синоптика, отметила, что особенность авиационного синоптика в том, что он составляет прогнозы более специфичные и предусматривает именно те нюансы, которые важны для полетов. Авиационный синоптик отвечает за предоставление актуальной информации о погоде пилотам и авиадиспетчерам. Это включает в себя разработку прогнозов погоды, выпуск предупреждений об опасных погодных условиях и анализ данных для повышения точности прогнозов. Она также рассказала о новых методах прогнозирования связанных с

развитием компьютерных технологий и математических модели погоды, позволяющие достаточно точно рассчитать прогноз. На сегодняшний день все аэродромы Казахстана оснащены современными автоматизированными метеорологическими измерительными системами с комплектами финских полевых датчиков Vaisala, отвечающим всем международным стандартам. Они позволяют обеспечить получение точных, надежных значений параметров фактической погоды на аэродроме.

Айман НЫСАНБАЕВА,
к.г.н., доцент, зав. кафедры
метеорология и гидрология

В КазНУ прошли Икбаловские чтения

На факультете востоковедения КазНУ прошел поэтический вечер «Икбаловские чтения», посвященный Алламе Мухаммаду Икбалу – великому пакистанскому поэту, мыслителю, видному представителю исламского модернизма XX века.



Основная цель мероприятия – пропаганда культурного наследия, укрепление дружбы между двумя странами, поощрение студентов к изучению восточной литературы и филологии.

Декан факультета востоковедения Наталья Борисовна Ем, приветствуя участников поэтического вечера, отметила: «Аллама Икбал был человеком редкого видения, чья поэзия и философия стали источником вдохновения для людей, стремящихся к познанию и свободе. Сегодня, изучая его труды, мы можем черпать мудрость, которая помогает нам понять современные вызовы и возможности. Мы надеемся, что подобные мероприятия вдохновят нас на глубокие исследования и укрепление связей между нашими странами и культурами».

На мероприятии также выступили внук выдающегося мыслителя Алламы Мухаммада Икбала, сенатор Пакистана Валид Икбал и директор Ака-

демии Икбала доктор Абдул Икбал Рауф Рафики. В своих выступлениях они выразили студентам наилучшие пожелания и поделились вдохновляющими мыслями. Представитель Постоянного представительства ОИС по научно-техническому сотрудничеству, доктор Муртаза Нур, также поблагодарил коллектив и студентов кафедры Ближнего Востока и Южной Азии за вклад в укрепление культурных и научных связей.

Студенты 1-го курса отделения языка и литературы урду рассказали о философии Икбала и прочли его поэтические произведения. Также в мероприятии приняли участие пакистанские студенты, обучающиеся в КазНМУ им. С.Д.Асфендиярова. Всем участникам, исполнившим стихи Икбала, посольство Пакистана в Казахстане вручило сертификаты и памятные подарки.

Сымбат ИСМАГУЛОВА,
Назерке ЖАРБОСЫНОВА
кафедра Ближнего
Востока и Южной Азии

Недавно в малом зале факультета международных отношений состоялось мероприятие «Правовые принципы противодействия коррупции в национальном законодательстве РК», приуроченное Международному дню борьбы с коррупцией.

Международный день борьбы с коррупцией, провозглашенный в 2004 году Генеральной Ассамблеей ООН, отмечается ежегодно 9 декабря. Этот день отмечает все мировое сообщество.

На мероприятии приняли участие декан факультета международных отношений Сайрамбаева Жулдыз Талгатовна, а также преподаватели и студенты факультета международных отношений. Организаторы мероприятия – профессор кафедры международного права Шакиров Каримжан Нурумович и доцент кафедры Самалдыков Максуд Кошеквич рассказали собравшимся студентам и гостям о негативном воздействии на все аспекты жизни общества коррупции, которая ставит под угрозу социально-экономическое развитие и подрывает демократические институты и

МӘТІН ТАЛДАУ – МӘСЕЛЕНІ ТАҢУ

Адам өміріндегі маңызды құбылыстарды көркем бейнелеуде әдебиеттің атқарар қызметі ұшан-теңіз. Мінезін даралап, характерін сомдауда, көркем бейнесін шынайылықпен суреттеуде қаламгерлердің қолданар амал-тәсілдері де әрқилы, көркемдік шешімдері де сан тарау. Тіршіліктегі адам болмысының боямасыз өмірін қапысыз суреттеу шын суреткерге ғана тән. Оқырманға қайта оралған «Отамалы» ойландырады, ал «Ғаламтордағы махаббат» ғаламдық мәселелердің бір көрінісі ғана. Жас әдебиеттанушылар жазушылардың шығармаларын өзгеше талдап, өз пікірін, көзқарасын өзінше жеткізуге талпынғаны қуантады. Өмір шындығы мен көркемдік шешімнің үйлесімінен автор танымын аңғартып, идеясының өміршеңдігін тиянақты тұжырыммен қуаттайды.

Шоқан ШОРТАНБАЙ,

филология факультетінің аға куратор-эдвайзері

Қазақ әдебиетінде ХХ ғасырдың соңында есімі ерекше аталған қаламгердің бірі Тобық Жармағамбетов еді. Көктемнің шуақты күнінде аяқасты соққан ызғардан ықтауға тура келсе, үлкендер «осындайда Тобықтың «Отамалысы» еске түседі» деп жиі айтып отыратын. Шығарма түгіл, отамалының не екенінен хабарсыз біз, жастар, бұл сөздің астарын да онша ұға бермедік. Ал жақында «Ziyat» баспасынан шыққан Тобық Жармағамбетовтің «Отамалы» атты повестер мен әңгімелер жинағының арқасында автор шығармашылығымен кеңінен таныстық. Жинақта жазушының «Нәзік бұлттар», «Отамалы», «Қара жаңбыр» шығармалары мен бұрын ешқайда жарияланбаған «Бозторғай», «Сәния» атты әңгімелері де бар. Туындылармен танысу кезінде Тобық Жармағамбетовтің жазушылық дарынынан көңілге қонымды ерекшеліктер аңғардық. Әдебиетте табиғат көрінісін көркем жеткізген жазушы аз деуге келмес. Десе де, Тобықтың өзі табиғаттың тілін білетін, адам баласы аңғара бермейтін тылсымын таныған жандай. Бүкіл шығармасында да табиғат сөйлейді. Әсіресе

Оқырманға оралған «Отамалы»

(Тобық Жармағамбетовтің шығармашылығы)

«Отамалының» көптің ықыласына бөленуінде ерекше мән бар.

«Отамалы» шығармасы қазақтың ежелгі аңызының желісінде жазылған. Автор алдымен табиғат көрінісін беріп, кейін Отамалының ішкі әлемін сипаттамайды. Кейіпкердің арпалысқа толы жан дүниесін табиғат тынысымен қатар өрбітеді. Бір қарасаң, шығарма ел аузында тараған табиғаттың тылсымына жауап болар аңыздың желісі ғана сияқты. Әйтсе де Отамалының алғаш бай үйіне барып жағдайын түсіндіргісі келіп шырылдағанының астарында мүлдем басқа мән жатқандай. «Отамалының үйінде ештеңе жоқ. / Отамалыға қалың тоң керек. / Отамалыға көктем берілді. / Отамалыға байпақты етік керек. / Отамалыға бусанған жер берілді. / Отамалыға жақсы ат керек. / Отамалыға екі аяқ, бір таяқ



берілді» деген үзіндіні алайық. Отамалы – бодандықтың бұғауынан босай алмаған қазақтың нақ өзі сияқты. Өзіне қажетін айтады, түсіндіргісі келеді, бірақ одан түк шықпайды: «Төртегі қара мұртты біреу зеренге мұртты малып шұбат ішіп отыр. Отамалыны көргенмен, көңіл аударған жоқ, жамбастап жатып сораптап жұта берді». Иә, қазақты да орыс-

тың солақай саясаты жұта берді. Еңбегіне лайықты өз несібесіне қолы жетпеген бейшара қойшы – қазақтың өзі ме деп қаласың. Өңгіменің соңында боранда адасып, әлі кеткен Отамалының көзіне сол мұртты қайта елестейді. Ызаға булыққан ол жапанды да, ышқына соққан желді де, боранды да қарғайды. Байдың қара мұртына ақ түтек шапшып, лапылдап жана бастады. Ақырында, байдың орнында бір уыс күл қалады. Мұнымен автор қазақты жұтқан жауыздардың да күл

ғызып қойды. Отамалы шығармада ашылып ештеңе айтпайтын тұйық, болмысы суық кейіпкер ретінде көрінеді. Бірақ оның жылы жүрегі адам түгіл, малға деген аяушылығынан анық көрінеді. Жолда қалған екі қойдың қоздайын деп қозғалмағанын ойлап, тіпті кері барып алып қайтуды ойлайды. Оның қолын байлаған шарасыздық еді. Боранда адасу дәл қойлардың қоздайын уақытына тап келеді. Дәл осы сәтте дөнең дір ете қалады. Ақыр соңы қой да қырылады, Отамалы да опат болады. Көз алдына жанынан қараша үйінің ұшып бара жатқанын, ортасында ошақ, ошақта от жанып тұрғаны елестейді. Сезіп еді-ау. Үйінен шығып бара жатып жалғыз ғана шаңырағымен қотшасып еді. Себебі Отамалы жалғыз еді. Оның қимасы тек осы қара шаңырақ. Байдың рақымсыз билігі оның бүтін бір тағдырын құртты.

боп қалар күні туарын айтқысы келгендей.

Шығармадағы тағы бір ерекшелік – қаламгер жаттанды теңеулерді қолданбайды. Мәселен, төбеге көтеріліп бара жатқан қойларды суреттегенде «Бәрінің де арқасында батырлардың сауыттарындай жалтырауық мұз бен аппақ қар» деп береді. Боранмен арпалысқан қойшының сезімдерін сипаттағанда бейне өзің қарлы боранға қарсыласып келе жатқандай сезімде боласың. «Жұлдыздарға да қиын-ау, жап-жалаңаш, – деп ойлады Отамалы бір мезет... – бірақ олар көп қой». Дәл осы үзіндіде жазушы көп сезімнің бірін жеткізгендей. Алайда қаламгер «...бірақ олар көп қой» деп, сонша жасқа келгенше үй болуды да ойламаған, жалғыз не осынау ессіз далада серігі де жоқ Отамалының үрейге толы аянышты халін осы сөзге сый-

осындай шеберлікпен жазған шығармасы бүгіннің де айтар тақырыбы болғаны дұрыс. Табиғаттанудың кіріспесіндей болатын «Отамалыда» тек үлкендер айтатын аңыз жатқан жоқ, адамның алуан сезімдері де бар. Қазақтың көшпелі тұрмысы дала тілін түсінуді қажет етті.

Қорыта айтқанда, талай жылды артқа тастап қайта оралған «Отамалы» оқырман ықыласына қайта бөленері сөзсіз. «Бізде отамалы жоқ» деп, оны бір өңірдің ғана өзгешелігі ретінде тануға болмайды. «Отамалы» – табиғаттың мезгілдік көрінісі ғана емес, тұтас қазақтың «Отамалы кезеңдерді» бастан өткізгенінің көрінісі.

Дәметкен
АЛТЫНБЕКҚЫЗЫ,
филология факультетінің
4-курс студенті

Кеше мен бүгінді байланыстырып, көркем әдебиетке жаңа тыныс, жаңа леп ала келген қаламгерлердің бірі – Сәкен Сыбанбай. Оның шығармаларында бұрынғы мен бүгінгі түйісіп, өзара жымдасып, келісті мазмұн құрайды. Оның қаламының жүйріктігін, ойқиялының ұшқырлығын өзінен бұрын әріптес жолдастары алғаш аңғарыпты. Әдебиетке әртүрлі жолмен келуге болады, ал Сәкен аға көркем әдебиетке журналистика арқылы келуді таңдаған. Ол әдебиетке кештеу келсе де, жаңашылдығымен, ізденімпаздығымен танылды. Қазіргі қоғамдық түйткілдерді көтеріп, оқырманның ой түйіне жұмыс істеуі – автор ерекшелігін айқындай түседі. Оған мысал ретінде «Ғаламтордағы махаббат» әңгімесін атауға болады. Өңгімені оқығанда соңы оқырманға таныс әуенде аяқталады деп күттік. Бірақ оқиға соңында бәрі күтетіндей happy end болмайды.

Шығарма басында құрмалас сөйлемдер көп кездеседі. Автордың құрмалас сөйлемді түсінікті, сәтті қолданғаны журналистикалық білімін көрсетіп тұр. Ана мен баланың қарым-қатынасы және сондағы қателіктер оқиғаның басты арқауы. Қоғамнан шеттеліп қалған, өз әлемін құрған Санаттың мұндай халге түсуіне бірнеше фактор әсер еткенін байқауға болады. Баланың психологиясына әсер еткен алғашқы фак-

Жаңашыл прозаик

тор – анасының оң босағада отырып қалған жүзіқара қыз екенінен бастап, оның жалғызбастылығы және некесіз үл екенін сезінуі. Бала, негізі, бойға біткеннен бастап тәрбиеленеді. Ал Санатқа ондай тәрбие беретін уақыт та бөлінбеген. Оны анасының мына сөзінен білеміз: «Тірлікке уақыт тапқанда баламен шүйіркелесуге мұршам болмағаны». Анасы таңнан кешке дейін сыртта жүріп, бала тәрбиесі шет қалған. Санатқа анасы барын бергісі келсе де, ең қажеттісін бере алмады. Ол – қарым-қатынас еді. Теледидарды, DVD, диск – бәрін алдына үйіп-төксе де, ол өмірлік қажеттілік бола алмайтынын ұқпады. Санаттың көз ашқалы тәрбиешісі – анасы емес, теледидар болды. Бұл – қазіргі қоғамның дерті. Әр уақыттың жазушысы өз қоғамының сыр-сипатын жазады. Оған Сәкен ағаның өңгімелері де дәлел. Шығармада анасының қателігі мына суық сөзінде жатыр: «Миымды ашытпай, барып мультфильм көр, мазамды алмай, әрі кет». Бұл жерде анасы жұмыстан шаршап келгендегі бір сәттік жүгі өмірлік жүк болатынын сезбеді. Санат бала кезінен төрт қабырғада қамалып өсті және сол төрт қа-



бырға шеңберінен аса алмады. Бұл шығармадан баламен қарым-қатынас, оның психологиясымен жұмыс, тіпті ата-ана мен баланың жай әңгімелесуі баланың тұлғалық болмысының алғашқы баспалдағы екенін түсінеміз. Санатта коммуникацияның жоқтығы өмірде дос табуға, тіпті қарапайым адаммен сөйлесуіне кедергі. Оның мүгедектігі тілінде де, жанында да, тәнінде де бар. Оған кім кінәлі? Ешкім нақты жауап бере алмайды. Тек аңғаратынымыз – оның дамуына кедергі болған мәселелер Санатқа өмірлік таңба болғаны. Осы жерде тақырып пен идеяға тоқталсақ, шығарманың атауы идеясын аша алмай тұрған

сияқты. Өңгімеге «Ғаламтордағы махаббат» деген жалпылама атау алынған. Тақырыпқа қарасақ, көп махаббаттың бірін сипаттайтын секілді. Бірақ мұнда бізге үйреншікті махаббат жоқ. Бұл өңгімеден ешқандай махаббатты көре алмадық. Керісінше, махаббаты жеткіліксіз оқиға. Шығарма басы мен ең соңындағы кішкене үзік оқиғаны қосып тақырып қылған секілді де, негізгі идеясы екеуінің ортасында қалғандай. Шын мәнінде бұл өңгіме – ғаламтордағы махаббат туралы емес, қоғамдық, тіпті адамзаттық дертке айналған ата-ана мен бала арасындағы жеткіліксіз махаббат және ғаламторға тәуелділік махаббаты секілді жаһандық проблеманы көтерген прозалық туынды.

Жазушының көп шығармаларының тақырыбы ортақ. Әдебиетте ерекше сюжетімен орын алған тағы бір шығармасы – «Мұңлық». Туынды адамдар бойындағы азғындық, жалпы, тәрбие мәселелерін қозғайды. Осы шығарманың атауы ескі идеяның қайта жаңаруын көрсетеді. Алайда бұл шығарманың «Мұңлық» аталуынан гөрі оқиға ішіндегі «Қос күнәһар» тіркесі идеяны ашып, тақырып

ретінде дөп түсетін атау сияқты. Шығармада қазақы наным-сенім, ырымдар кездеседі. Бұл шығармада басты көтерілген проблема – біреуге бала береді, біреуге тіпті даусын зар қылып, иісін аңсататыны. Қазіргі қоғамда кездесетін мәселенің бірі – жаңа туған шақалақтың ана құшағына емес, әжетханаға тасталуы осы өңгіменің негізіне айналған. Сол проблемалардың барлығын жеңетін – махаббат. Ал шығармада Құрышбай мен Бибігүлдің махаббаты балаға деген зәрулікті жеңді. Сонымен қатар туындыда мотивтердің қайталануы, ескінің жаңарып, «мұңлық» идеясының қайта жаңаруы орынды пайдаланылған. Автордың қоғам дертін сипаттағанын нәжіске батып жатқан шақалақтың деміккен ауыр үніндегі ащы зардан көреміз. Шақалақтың ащы зары өзіндей тағдырлас, жарық дүниені көрмей кеткен сәбилердің атынан шыққан зарлы үндей естіледі. Автор – ескі мен жаңаны ұштастыра алған шебер қаламгер. Сәкен Сыбанбайдың монолоқа да, диалогқа да шебер екенін аңғардық. Әдебиет – оқырманды ойландырады, қанаттандырады да, рахаттандырады да алады. Мұндай шеберлік Сәкен ағаның туындыларында өз орнын тапқан.

Ғаниза БӨКЕНБАЙ,
филология факультетінің
3-курс студенті

Студенттер дәстүрлі әншімен

кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының директоры Ақан Әбдуәлімен шығармашылық кездесу өтті.



Журналистика факультеті ұйымдастырған кездесуге оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Іс-шараны журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбай құттықтау сөзбен ашып, Ақан Жылқышыбайұлының қазақ дәстүрлі ән өнерін насихаттап, дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен үшін ерекше ыстық. Осы білім ордасында тәлім алған талантты тұлғалармен көп араласып, шапағатын көрдім. Көшпешы университеттің студенттерімен кездесу мен үшін үлкен қуаныш», – деп ықыласын білдірді Ақан Әбдуәлі.

Құрметті қонақ өзінің өнердегі жолына тоқталып, сахнаға алғаш шыққан уақыттарын еске алды. «1987 жылы белгілі айтыскер Оразалы Досбосынов екеміз ең бірінші айтысқа шыққанбыз. Бойымыз аласа болғандықтан, орындыққа отырғанда аяғымыз жерге тимейтін. Сол уақыттан бастап қазақ сахнасында өнер көрсетіп келе жатырмын.

Айттысқа да, киноға да түстім. Ән айтып, қисса-дастандарды, жыр-термелерді жырладым. Алдағы уақытта да шығармашылық бағытта еңбек ете беремін деп ойлаймын», – деді Ақан Әбдуәлі.

Жүздесу барысында Ақан Жылқышыбайұлы танымал жыршы-термешілердің шығармаларын, дәстүрлі өндерді домбырамен орындап берді.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Мен 2010 жылдан бері эдвайзер болып қызмет етіп келемін. Осы уақыт аралығында студенттерімнің академиялық және тұлғалық дамуына қолдау көрсетуге бағытталған көптеген жұмыстарды атқардым.

Эдвайзер болу үлкен жауапкершілік



Әрбір білім алушы өзінің оқу траекториясын дұрыс қалыптастыру үшін эдвайзердің көмегіне жүгінеді. Эдвайзер студентке жеке оқу жоспарын құруға, пәндерді дұрыс таңдауға, сонымен қатар оқу барысында кездесетін қиындықтарды шешуге көмектеседі. Ол білім алушыларға тек академиялық кеңесші ретінде ғана емес, сонымен қатар студенттердің әлеуетін арттыруға, қызығушылықтарын дамытуға бағытталған іс-шараларда қолдау көрсетеді.

2013 жылы ең алғашқы топтарымен бірге «Үздік эдвайзер» сайысына қатысып, жүлделі орынға ие болдық. Бұл сайыста студенттер өздерін таныстырып, мен өз тәжірибемді ұсындым. Осы іс-шара барысында студенттерімнің бойындағы шығармашылық және өнерге деген қабілетін көріп, таңданғаным есімде. Сондай-ақ «Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз» мерекесіне арналған тәрбиелік іс-шара және түрлі тақырыптағы сайыстар ұйымдастырдық. Бұл студенттердің ұжымдық қарым-қатынастарын нығайтуға, жеке тұлға ретінде дамуына септігін тигізді.

Эдвайзердің міндеті – тек студенттердің оқу жетістіктерін бақылау ғана емес, оларға таңдау жасауда, кездесетін қиындықтарды жеңуде қолдау көрсету. Студенттермен ашық қарым-қатынас орнатып, олардың сеніміне ие болу арқылы, олардың кездеген мақсатына жетуге ынталандыруға тырысу.

Жинақтаған тәжірибем арқылы олардың оқудағы жетістігіне оң әсерін тигізіп, сенімділігін арттырдым. Студенттеріме ғылыми жетекші ретінде де қолдау көрсеттім. Мысалы: А.Әліқұлов, З.Егембердиева, Э.Зиямет, А.Едігеева және т.б. ондаған дарынды студенттермен ғылыми жұмыс істедім.

Менің ойымша, эдвайзер болу – бұл үлкен жауапкершілікті, ұқыптылықты және жанашырлықты талап ететін маңызды міндет. Эдвайзер ретінде әрбір студенттің жетістігі мен үшін үлкен мақтаныш әрі қуаныш.

Райхан РАХМЕТУЛЛАЕВА,
Органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер химиясы мен технологиясы кафедрасының доценті, х.ғ.к.



Алматы қаласында дәстүрлі Powerexpro көрмесі өтті. Халықаралық көрме «Энергетика, электротехника және энергетикалық машина жасау» тақырыбына негізделген.

Студенттер Powerexpro көрмесінде болды

Powerexpro көрмесін физика-техникалық факультетінің Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының «Электр энергетикасы» білім беру бағдарламасының студенттері кафедра оқытушылары жетекшілігімен тамашалады.

Powerexpro Алматы көрмесіне 12 елден 186 компания қатысты. Оның ішінде Қазақстан,

Австрия, Әзірбайжан, Беларусь, Германия, Италия, Қытай, Ресей, Таиланд, Түркия, Өзбекстан және Чехия бар. Көрмеде ең соңғы заманауи жабдықтар, инновациялық әзірлемелер, соның ішінде жоғары вольтты және төмен вольтты жабдықтар, жарықтандыру жабдықтары, есепке алу, бақылау-өлшеу құралдары, автоматика және энергетика саласына арналған технологиялар ұсынылды.

Көрмеде студенттер соңғы үлгідегі заманауи электр жабдықтарымен және электр энергетикасы саласындағы озық технология жетістіктері-



мен танысты. Халықаралық компаниялардың өкілдерімен кездесті. Кездесу мен диалог



мазмұнды әрі қызықты өтті. Студенттер компания өкілдеріне өздерін қызықтыратын

сұрақтарын қойып, жауап алды. Сондай-ақ заманауи соңғы үлгідегі электр жабдықтарының ерекшеліктері және артықшылықтарымен танысты. Көрмеде студенттер отандық компаниялардың өнімдеріне ерекше назар аударды. Білім алушы жастар көрмені тамашалау нәтижесінде таңдаған мамандығының болашағы туралы ой түйіндеді.

Шолпан ӘБДИЕВА,
Әсем ӘМРЕНОВА,
ПФН және КФ кафедрасының аға оқытушылары

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

**Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 3000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.